

К.Байсейітова атындағы тірек мектебі (РО) КММ-дегі бракераждық комиссия отырысының №2 хаттамасы

10 қыркүйек 2022 ж

Қатысқандар:

Амралина К.-мектеп директоры, комиссия төрайымы

Елеусізова Г.-қамқоршылық кеңесінің төрайымы, комиссия мүшесі

Стамқұлова А-ата-аналар төрайымы, комиссия мүшесі

Кенжебекова Қ-ата-ана, комиссия мүшесі

Кутумова Г-ата-ана, комиссия мүшесі

Айтбаева Н.-ДТІЖО, комиссия мүшесі

Нығметжанова Ш-медбике, комиссия мүшесі

Күн тәртібі

1.2022-2023 оқу жылында мектепте тамақ сапасын бақылау жөніндегі бракераждық комиссияның қызметін ұйымдастыру

2.Тамақ сапасын бақылау жөніндегі бракераждық комиссияның жұмыс жоспарын бекіту

Тыңдалды

1.Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н.Ж.Айтбаева.

Мектептегі ыстық тамақты ұйымдастыруды негізгі құжаттарға Денсаулық сақтау және білім беру ұйымдарында тамақтандыруды ұйымдастырудың стандарты.17.02.2022 жыл №16 ҚР ДСМ- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 8 маусымдағы №235 бұйрығы Әдістемелік құрал: «Мектепте ыстық тамақтандыруды ұйымдастыру тәсілі» Ақтоғай ауданының білім беру ұйымдарында 2022-2023 оқу жылындағы оқушыларды ыстық тамақпен қамту туралы 31.08.2022ж.№159 бұйрығы «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар»санитариялық қағидаларын бекіту туралы ҚРДСМ 2022. 31.03. №31 қаулысына сүйене отырып ұйымдастырылады.Кейінгі «Оқушыларды тамақтандыру сапасын бақылау бойынша комиссия құру туралы ережесіндегі» жалпы мәселелер,тамақтану сапасын бақылау бойынша комиссияның мақсаттары мен міндеттері,комиссия қызметінің негізгі бағыттары,комиссия жұмысының ұйымдастырушылық қағидаттары, функционалдық міндеттері,комиссияның құжаттамасындағы ережелер сақталады.Комиссия өз жұмысын оқу жылына арналған жұмыс жоспарына сәйкес құрады,бұл ретте ағымдағы бақылау мақсаттары мен міндеттерін,

оның мерзімін, қорытынды шығару мен бақылау барысында анықталған кемшіліктерді жоюға кеткен уақытты анықтайды. Комиссия әкімшіліктің бастамасы, шағым, бала құқығын, оның денсаулығын қорғау, тамақтандыру саласындағы нормативтік құқықтық актілерді, ас блогы жұмыскерлері, педагог қызметкерлер, мектеп әкімшілігі тарапынан қауіпсіздікті бұзуға байланысты жұмыс жоспарынан тыс жұмыс істей алады. Бақылау нәтижелері актіде көрсетіледі. Комиссияның жоспарлы жұмысы айына кем дегенде 1 рет жүзеге асырылады. Комиссия өз жұмысы, бақылау нәтижелері туралы хабарлап отырады.

2. Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары тамақ сапасын бақылау жөніндегі комиссияның жұмыс жоспарын бекітуге байланысты жұмыс жоспарымен таныстырды

2022-2023 оқу жылына бракераж комиссиясының жұмыс жоспары құрылды. Бракераж комиссиясының жалпы Ережелері негізінде, тамақ дайындау сапасын бақылау негізгі мақсаттары, тамақ дайындау технологиясын орындау және ас блогының қызметтерімен санитарлық-гигиеналық талаптарын орындау негізінде бракераж комиссиясының жұмысы келесі бағыттарда ұйымдастырылады. Күнделікті, ай сайынғы бақылау білім беру ұйымдарындағы тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссияларға арналған жаднама арқылы жүзеге асырылады. Тамақ сапасын бақылау жөніндегі комиссияның жұмыс жоспарын бекіту комиссия мүшелеріне ұсынылады.

Шешім

1. 2022-2023 оқу жылында мектепте тамақ сапасын бақылау жөніндегі бракераждық комиссияның қызметін ұйымдастыру толығымен қанағаттандырылсын

2. Тамақ сапасын бақылау жөніндегі комиссияның жұмыс жоспары бекітілсін

Төрайым  Амралина К.А

Хатшы  Айтбаева Н.Ж